

# "БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ОРТАЛЫҚ ДЕПОЗИТАРИЙІ" АҚ

---

---

## **Бекітілді**

"Бағалы қағаздар орталық  
депозитарийі" АҚ Директорлар  
кеңесінің шешімімен

(2015 жылғы 23 шілдедегі отырыстың  
№ 21 хаттамасы)

## **қолданысқа енгізілді**

2015 жылғы 10 тамыздан бастап

## **Қағидалар жинағына**

### **№ 3 ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

1. Кіріспе кіріспені және 1-тармақтың бірінші абзацын білдіретін келесідей мазмұндағы мәтінмен ауыстырылсын:

"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағы (бұдан әрі – Қағидалар жинағы) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленді және "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ (бұдан әрі – Орталық депозитарий) АҚ-ның депозитарлық қызметтерді, банк операциялардың жекелеген түрлерін және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Орталық депозитарий жүзеге асыратын қызметтердің басқа түрін жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

1. Қағидалар жинағы Орталық депозитарийдің келесідей ішкі құжаттарының жиынтығын білдіреді:".

2. 1-тармақтағы:

- 1) 7) тармақшадағы "." символы ";" символымен ауыстырылсын;

- 2) келесідей мазмұндағы 8) және 9) тармақшалармен толықтырылсын:

"8) 2013 жылғы 22 қарашада Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен келісілген және 2014 жылғы 27 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2013 жылғы 12 шілдедегі отырыстың № 9 хаттамасы) Талап құқығына сәйкестендіргіштерді беру қағидасы;

9) 2014 жылғы 16 маусымда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен келісілген және 2014 жылғы 8 шілдеден бастап қолданысқа енгізілген Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2014 жылғы 29 сәуірдегі отырыстың № 9 хаттамасы) Туынды қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер тізілімдерінің жүйесін қалыптастыру мен жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидасы."

3. Келесідей мазмұндағы 2–4 тармақтармен толықтырылсын:
- "2. Қазақстан Республикасы "Бағалы қағаздар рыногы туралы" заңының 81-бабының 1-тармағына сәйкес:
- 1) Қағидалар жинағы Орталық депозитарийдің бағалы қағаздар нарығының субъектілерімен өзара қарым-қатынасын айқындайды;
  - 2) Қағидалар жинағын сақтау Орталық депозитарийдің қызметін пайдаланатын барлық субъектілер үшін міндетті болып табылады.
3. Қағидалар жинағы төмендегілерге қаншалықты қайшы келмесе, соншалықты жарамды болады:
- 1) Қазақстан Республикасының заңнамаларына, оның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға;
  - 2) осы ішкі құжаттардың өзінің Қазақстан Республикасының заңнамаларына, оның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға қайшы келмеу шартымен Орталық депозитарийдің депозитарлық қызметтерді немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыру бойынша қызметтерді жүзеге асыру кезінде Орталық депозитарийге қызмет көрсететін қаржылық ұйымдардың ішкі құжаттарына.
4. Егер Қағидалар жинағының қандай-да бір нормасы жарамсыз болса, онда бұл Қағидалар жинағының басқа нормаларын қозғамайды. Қағидалар жинағының жарамсыз нормасы заңды қолжетімді және тиісті қатынасты реттейтін нормамен ауыстырылады."

Президент

Б.Х. Капышев